



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№36/166

6 қыркүйек



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет
www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ «ШЫҰ ПЛЮС» САММИТІНЕ ҚАТЫСТЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев «Көпжақты ынтымақтастықты дамыту, өңірлік қауіпсіздік пен орнықты дамуды қамтамасыз ету» тақырыбына арналған «ШЫҰ плюс» саммитінде сөз сөйледі.

Президент Қытайдың төрағалығы аясында ШЫҰ халықаралық қоғамдастықтағы өз позициясын айтарлықтай күшейткеніне назар аударды.

Мемлекет басшысының айтуынша, былтыр Астанада бастау алған «ШЫҰ плюс» форматы Ұйымның күн тәртібімен үйлесім тапты. Көптеген мемлекеттің қызығушылығы артқан Ұйым қазіргі заманның өзекті проблемалары жөніндегі нәтижелі пікір алмасу алаңына айнала бастады.

— Әлемдегі үрейлі үрдістерді ескерсек, мұның маңызы өте зор. Ол қауіп-қатерлер баршаңызға мәлім. Бұл мәселені қайта айтудың мәні жоқ. Әйтсе де бір жайтты атап өткім келеді. Аталған жағдайдың себебі мен салдары ұқсас. Яғни өзара сенім мен әлемдік тәртіптің келешегіне жауапкершіліктің жоқтығы, көпжақты дипломатия мен халықаралық ұйымдардың әлеуетін жете бағаламау осындай ахуал қалыптастырды. Бір нәрсе анық, ешқандай ел қазіргі сын-қатерлерді жалғыз өзі еңсере алмайды. Менің пайымдауымша, мұндай қиын кезеңде Шанхай ынтымақтастық ұйымының күн тәртібі жасампаз әрі оң сипатта болуға тиіс. Ұйым қақтығыс жағдайларын шешуге, әлемді қорғап, мемлекеттердің орнықты дамуына жол ашатын жаһандық диалогты күшейтуге бағытталған стратегиялық шешімдер әзірлеуі керек, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірін-

ше, бірлескен күш-жігер жұмылдыру арқылы қарулы қақтығыстардың ушығуына жол бермеу қажет.

— Жақында біз қос тарихи датаны — Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына және Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылғанына 80 жыл толуын атап өтеміз. Қытай коммунистік партиясының жетекшілігімен ұлы қытай халқының жапон басқыншылығына қарсы соғыста жеңіске жеткеніне Қазақстанда шынайы құрметпен қарайды. Квантун армиясын талқандау Екінші дүниежүзілік соғыстың нүктесін қойды деуге болады. Оған Ялта конференциясының шешіміне сәйкес Кеңес Одағының әскері де қатысты. Қан майданда миллиондаған адам құрбан болды. Сондықтан аталған мерейтой Жеңістің идеологиялық, саяси аспектілеріне әлемдік қоғамдастықтың, әсіресе, жастардың назарын аударуға орайлы сәт, — деді Мемлекет басшысы.

Президент өз сөзінде Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау қажет екенін айтты.

— Қазіргідей өте күрделі геосаяси жағдайда Біріккен Ұлттар Ұйымын әмбебап әрі тәуелсіз құрылым ретінде қолдауымыз керек. Осы орайда БҰҰ-ны, ең алдымен, оның басты органы — Қауіпсіздік Кеңесін реформалайтын уақыт келді. Бұл міндетті орындаудың қиын екенін жақсы түсінеміз. Алайда, басқа жол жоқ. Егер бүгінгі басшылар бұл істі атқарудан бас тартса, мемлекеттер БҰҰ-ға сенімін біржолата жоғалтуы мүмкін, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасының Жаһандық басқару бастамасы саммитінде (Global Governance Initiative) халықаралық қоға-

мдастықтың даму перспективасына қатысты көтерген ұсынысына жоғары баға беріп, оның ұзақмерзімді сипатына назар аударды. Мемлекет басшысының айтуынша, аталған бастама анағұрлым әділ әрі орнықты әлемдік тәртіп қалыптастыруды көздейтін ортақ күш-жігерді толықтыра түседі.

Бұдан бөлек, Президент Азиядағы өзара сенім шаралары жөніндегі кеңесті толыққанды халықаралық ұйымға айналдыруға нақты қолдау көрсеткені үшін ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларына ризашылығын білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев ШЫҰ аясындағы қаржылық, экономикалық, инвестициялық және технологиялық ынтымақтастықты жандандыруға бағытталған барлық үдеріске Қазақстанның белсенді қатысатынын мәлімдеді.

— ШЫҰ даму банкі құру туралы бастаманы құптаймыз. Оның Ұйымға мүше елдердің экономикасын өркендетуді мақсат ететін пайдалы қаржы институты болатынына сенімдіміз. Қазақстан өңірдегі өзара байланысты одан әрі нығайту ісіне жан-жақты жәрдемдесуге дайын. «Бір белдеу, бір жол» жобасын одан әрі дамытуға және оны Еуразиялық экономикалық одақпен, сондай-ақ Солтүстік — Оңтүстік, Орта дәліз бағыттарымен ұштастыруға мұқият мән беру қажет, — деді Президент.

Мемлекет басшысының пікірінше, жасанды интеллектіні қолданудың ережесі мен этикалық стандарттарын әзірлеу өзекті мәселеге айналды. Бұл ретте ол Қытайдың Жасанды интеллект саласындағы ынтымақтастық бойынша жаһандық ұйым

құрып, штаб-пәтерін Шанхайда орналастыру ұсынысына қолдау білдірді.

Сондай-ақ Президент климат мәселесіне айрықша назар аударды.

— Бүгінгідей беделді форум аясында өте шетін, дегенмен күрделі мәселеге тоқталғым келеді. Бұл Каспий теңізінің мүшкіл хәлі. Жағдай экологиялық апатқа ұласуы мүмкін. Аталған проблема ШЫҰ аясындағы ұзақмерзімді консультацияның басым бағытына айналғаны жөн. Осы себепті бүгін Астанада ШЫҰ жанынан Су проблемасын талдау орталығын құру туралы ұсыныс айттым. Таяуда Алматыда БҰҰ Бас хатшысының қатысуымен Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азия мен Ауғанстанға арналған өңірлік орнықты даму орталығы ашылды. Бұл біздің көпжақты дипломатияға бейіл екенімізді көрсетеді. Орайлы сәтті пайдаланып, барлық серіктестерге Өңірлік экологиялық саммитті келесі жылы сәуір айында Астанада өткізу туралы шешім қабылданғанын хабарлаймын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, келесі жылы Ұйымның 25 жылдығы аталып өтетінін еске салды.

— Бұл маңызды әрі айтулы белес Жаңа алтын дәуірдің бастауы болатынына сенімдімін. Осы кезеңде ШЫҰ өз рөлін сөзсіз күшейтіп, заманымыздың ең өзекті мәселелеріне оң ықпал ететін болады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

akorda.kz

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС XXXI СЕССИЯСЫ ӨТТІ



2025 жылғы 5 қыркүйекте VIII шақырылған Приозерск қалалық мәслихатының кезектен тыс XXXI сессиясы өтті. Сессия жұмысына қала әкімінің міндетін атқарушы Айдарханов Темірхан Айдарханұлы, сондай-ақ қалалық мекемелердің басшылары қатысты. Сессияда бірқатар маңызды мәселелер қаралды. Атап айтқанда, Приозерск қалалық прокуратурасының 2025 жылғы 21 тамыздағы ұсынымын орындау мақсатында, бюджет заңнамасы талаптары-

ның сақталуын қамтамасыз ету үшін, қалалық мәслихаттың 2024 жылғы 20 желтоқсандағы «2025–2027 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізілді. Сонымен қатар, қала әкімі мен сайлау комиссиясының ұсынған өзге де мәселелері қаралды. Барлық қаралған мәселелер депутаттар тарапынан бірауыздан қолдау тауып, тиісті шешімдер қабылданды.

Исатай М.

СОСТОЯЛАСЬ ВНЕОЧЕРЕДНАЯ XXXI СЕССИЯ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА



5 сентября 2025 года состоялась внеочередная XXXI сессия VIII созыва Приозерского городского маслихата. В работе сессии приняли участие исполняющий обязанности акима города Айдарханов Темирхан Айдарханович, а также руководители городских учреждений.

На сессии были рассмотрены ряд важных вопросов. В частности, в целях исполнения представления Приозерской городской прокуратуры от 21 августа 2025 года и обеспечения соблюдения требований бюджет-

ного законодательства, были внесены изменения в решение городского маслихата от 20 декабря 2024 года «О городском бюджете на 2025–2027 годы». Кроме того, были рассмотрены и другие вопросы, внесенные акимом города и избирательной комиссией. Все рассмотренные вопросы были единогласно поддержаны депутатами, приняты соответствующие решения.

Исатай М.



1-ҚЫРКҮЙЕК - БІЛІМ КҮНІ



1-қыркүйекте «Білім күніне» орай «Алғашқы қоңырау» салтанатты жиындары Приозерск қаласындағы білім ұяларында өтті. Бүгін білім күнінің алғашқы сабағы басталды. Осындай айшықты ісшара қаламыздағы заманауи білім ошақтарының бірі № 2 мектепте ұйымдастырылды.

рқалып, тақпақ оқылды және балалардың көңілін көтеруге жағдай жасалды. Салтанатты жиынның Алғашқы қоңырауы соғылып, ресми бөлімі біткеннен кейін мектептің бастауыш сынып табалдырығын атап, отырған бүлдіршіндер алғашқы ұстаздарымен танысу және алғашқы



Өз сөзінде мектеп директоры Панар Айдарханқызы Жұмаханова атаулы мерекемен «Алғашқы қоңырау» салтанатты жиынына қатысып отырған ата-аналарды, әріптестерін, оқушылар мен мектеп табалдырығын атағалы отырған жеткіншектерді құттықтады.

Шағын мерекелік жиын барысында оқушылар тарапынан әндер шы-

рқалып, тақпақ оқылды және балалардың көңілін көтеруге жағдай жасалды.

Осындай «Алғашқы қоңырау» салтанатты жиыны қаладағы ең байырғы білім ордасы болып саналатын № 1 қазақ орта мектебінде де болып өтті.

Исатай М.

2025 ЖЫЛДЫҢ 02 ҚЫРКҮЙЕК КҮНІ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ТҰРАҚТЫ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ



Күн тәртібі:

1. «Әлеуметтік көмек көрсету, мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының мөлшерін белгілеу және тізбесін айқындау, оның ішінде мүгедек балаларды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету қағидаларының орындалуы туралы 2024 жылға атқарған жұмыстары және 2025 жылға қойылған негізгі бағыттары мен міндеттері туралы» (Баяндамашы: «Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ басшысы Р.Ахметова).

2. «Ауыл шаруашылығы саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге қатысты мәселелер» (Ба-

яндамашы: «Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ басшысы А.Алтаев).

3. «2025-2027 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» мәслихат шешімінің жобасы (Баяндамашы: «Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ басшысы А.Шамшатов).

Отырыс барысында Қоғамдық кеңес мүшелері өзекті мәселелер бойынша сұрақтар қойып, тиісті сала басшыларынан нақты жауаптар алды.

Приозерск қалалық Мәслихаты

СӨЗ ЗЕРГЕРІ- ҚАЛИХАН ЫСҚАҚОВ. (ЖАЗУШЫ, ДРАМАТУРГ Қ. ЫСҚАҚОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 90 ЖЫЛ)

Қалихан Ысқақов - қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, сөз өнерінің шебері, көркем прозаның майталманы. Ол 1935 жылы 14 наурызда Шығыс Қазақстан облысы, Қатонқарағай ауданында дүниеге келген. Балалық шағы Алтайдың сұлу табиғатында өткен болашақ жазушы туған жерінің әсемдігі мен адамдардың мінез – құлқын шығармаларына арқау етті.

Қалихан Ысқақовтың шығармашылық жолы 1950 - жылдардың соңында басталып, қазақ прозасына жаңа тыныс әкелді. Оның «Қоңыр күз еді», «Тұйық», «Ақсу – жер жаннаты», «Қара орман», «Менің әкем – қартайған бала» сияқты туындылары оқырман жүрегіне жол тапты. Жазушының басты ерекшелігі – кейіпкердің жан дүниесін терең бейнелеу, табиғат пен адам арасындағы үйлесімді нәзік сезіммен жеткізу.

Өмір бойы қазақ тілінің көркемдігін, ұлттық болмыстың байлығын

сақтап, жас ұрпаққа жеткізуге күш салды. Қалихан Ысқақов – «Сөз зергері» атануға лайық қаламгер.

Оның шығармалары қазақ әдебиетінің алтын қорынан берік орын алды.

Жазушы 2014 жылы өмірден озды. Алайда оның асыл сөзі мен көркем мұрасы мәңгі жасай береді.

Кітапханада жазушы, драматург Қ. Ысқақовтың 90 жылдығына орай «Сөз зергері – Қалихан Ысқақов» тақырыбында әдеби вернисаж өткізілді. Іс шараға 44841 әскери бөлім сарбаздары қатысты. Мақсаты: жазушының өмірбаянымен таныстыру, бойында ұлттық рухты, патриоттық сезімді ұялату. Іс - шара барысында оқырмандарға «Сөз зергері – Қалихан Ысқақов» атты кітап көрмесі таныстырылды.

*Оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы
Исхакова А.Ж.*

«ЖАСЫЛ ЕЛ» ЕҢБЕК ЖАСАҒЫ: 100 ЖАСӨСПІРІМ – 100 ТОННА ҚОҚЫС



Приозерск қаласының «Жасыл ел» жастар еңбек жасағының XII маусымы өз жұмысын сәтті аяқтады.

2025 жылдың жазғы кезеңінде Приозерск қаласында «Жасыл ел» еңбек жасағы аясында қаланың аумағын абаттандыру және көгалдандыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді.

Жасақ құрамында 100 жасөспірім еңбек етті.

Атқарылған негізгі жұмыстар:

Қаланың көшелері, балалар алаңдары және Балқаш көлінің жағалаулары тазартылды;

150 самосвал тұрмыстық және табиғи қоқыс шығарылып, жалпы көлемі 100 тоннаға жетті;

200 ағашқа санитарлық және қалыптастырушы бұтау жұмыстары жүргізілді;

300 ағашқа әктеу жұмыстары жасалды;

Аллеядағы ағаштар мен қала аумағындағы гүлзарларға тұрақты түрде суару ұйымдастырылды;

5000 м² аумақта арамшөптен арылту жұмыстары жүргізіліп отырды.

«Таза Қазақстан» акциясы аясында «Жасыл ел» сарбаздары күн сайын ауа райының ыстығына қарамастан туған жердің тазалығы үшін аянбай еңбек етті.

Қадірлі жерлестер!

«Қоқыс менікі емес, бірақ қала біздікі» деген ұстанымды үлгі етіп жүрген жастардың еңбегін бағалайық!

Қаламызды, ауламызды, көл жағалауымызды таза ұстайық!

Егер туған қалаң таза болмаса, оған әрбір тұрғын жауапты екенін ұмытпайық!

<https://www.facebook.com/priozersk.akimdig>

«ЖАЗ КІТАППЕН ҚЫЗЫҚТЫ» КІТАПХАНАДАҒЫ ЖАЗ-2025

Жазғы демалыста балалардың

мәдени тынығуына, оқырмандардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып, кітапханаға балалар мен жасөспірімдерді әдебиеттерімен таныстыру мақсатында «Жаз кітаппен қызықты» тақырыбында «Кітапханадағы жаз» жазғы оқу демалыс бағдарламасы өткізілді. Жаз бойы балалар өз бос уақытын кітапханада пайдалы әрі қызықты өткізе алды!

Балаға білім берудің төте жолы – кітап оқыту. Дұрыс тандалған кітап бала қызығушылығын оятып, керек біліммен сусындатады. Әр жаста әр түрлі тақырыптағы кітап оқыған жөн. Кітап тандап талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсерінді өмір қажетіне жарата білу – әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайтын алғы шарттардың бірі.

Кітапқұмарлық балалық шақтан бастау алатыны сөзсіз. Сондықтан қалалық кітапхана қызметкерлері балалардың бойында кітап оқу қызығушылығын арттыру мақсатында жаз бойы сан-алуан іс-шаралар

ұйымдастырды.

Балалармен жоспарға сай іс-шаралар: «Мұның бәрі жаз бойы» ойын-конкурс, «Орындықта кітаппен» жаңа кітаптармен танысу, «Ертегі шеберлерінің жәрменкесі» ермексазбен қол өнерлер, «Ақылды балаларға арналған» үстел ойындары, «Ғажайыптарға толы жаз» кітап көрмесі, «Андерсен ертегілері» мультфильм, «Жазғы оқу түймедағын жинаңыз» балаларға арналған жұмбақтар, кроссвордтар, «Ғылым таппай мақтанба» Абай өлеңдерін оқу, «Қош бол, жаз. Сәлем күз!» викторина ойындары ұйымдастырылды.

«Кітапханадағы жаз» демалыс бағдарламасы аясында өткізілген бұл шаралар көптеген жаңа оқырмандарды тартуға түрткі болды. Жаздың жайма шуақ күнінде кітапханаға келген әрбір оқырман қызықты шараның куәсі болды.

*Ж.Құлмишева,
«Приозерск қалалық кітапханасы»
КММ балалар бөлімінің
кітапханашысы*

«ХАБАРЛАНДЫРУ»

Қалалық мәслихаттың VIII шақырылған депутаттарының кезекті XXXI сессиясы 2025 жылдың 25 қыркүйегінде сағат 11.00-де тікелей трансляциялау арқылы қалалық мәслихаттың мәжіліс залында өтеді

Сессия күн тәртібімен мына сайтта таныса аласыз: www.gov.kz/memleket/entities/maslihat-karaganda-priozersk?lang=kk

«ОБЪЯВЛЕНИЕ»

Очередная XXXI сессия депутатов городского маслихата VIII созыва состоится 25 сентября 2025 года в 11.00 часов в зале заседаний городского маслихата с прямой трансляцией.

С повесткой дня сессии вы можете ознакомиться на сайте: www.gov.kz/memleket/entities/maslihat-karaganda-priozersk?lang=ru



«ЖАУЫНГЕРЛІК ДОСТАСТЫҚ-2025»: ҚАЗАҚСТАНДА ӘУЕ ҚОРҒАНЫСЫ КҮШТЕРІНІҢ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ АЛҒАШ РЕТ СЫНАҚТАН ӨТТІ

Қарағанды облысындағы «Сарышаған» полигонында Әуе қорғанысы күштерін цифрландырудың маңызды кезеңіне айналған «Жауынгерлік достастық-2025» тактикалық оқу-жаттығуының белсенді фазасы өтті.

Алғаш рет автоматтандырылған басқару жүйесі сынақтан өткізіліп, ол жауынгерлік жағдайға барынша жақындатылған ортада өзінің тиімділігін көрсетті.

Оқу-жаттығу барысын Қорғаныс министрінің орынбасары – Әуе қорғанысы күштерінің бас қолбасшысы генерал-майор Қайрат Садықов және Қорғаныс министрінің цифрландыру жөніндегі орынбасары Дархан Ахмедиев бақылады.

Маневрлерге әуе шабуылына қарсы қорғаныс бөлімшелері мен шартты қарсылас рөлін атқарған Әуе күштерінің майдандық авиация экипаждары қатысты. Әуе нысандары анықталған сәтте әуе шабуылына қарсы қорғаныс есептоптары жап-

пай соққыларға тойтарыс беру үшін хабардар ету және соққы беру құралдарын қолдану алгоритмдерін пысықтады.

«Тактикалық оқу-жаттығу Әуе қорғанысы күштерінің дамуына маңызды кезең болды. Біз алғаш рет автоматтандырылған басқару жүйесін қолдандық, нәтижелері күткеннен де асып түсті. Цифрлық шешімдер ақпарат алмасу жылдамдығын арттырып, үйлесімділікті нақтылай түсті. Бұл әскерді басқару жүйесін жетілдіруге ықпал етті», – деп атап өтті әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскері маманы Әділ Сүбебаев.

Оқу-жаттығу цифрлық шешімдерді жауынгерлік тәжірибеге енгізу бөлімшелердің жауынгерлік қабілетін арттыруға және ел әуе кеңістігінің қауіпсіздігін нығайтуға жаңа мүмкіндіктер ашатынын растады.

Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы Думан Жұмашұлы

ТАҒЫЛЫМДЫ ТӘРБИЕ БЕРУ САҒАТЫ



«Астана» өңірлік қолбасшылығы қарасты 18405 әскери бөлімінің ұйымдастыруымен Қарағанды облысы білім басқармасының Ақтоғай ауданы білім бөлімінің «Тасарал жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде ерлік сабағы өткізілді. «Біртұтас ел-біртұтас жер!» тақырыбындағы ерлік сабағын мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Эльвира Аймағамбетова шып берді.

Алдымен, заманауи интерактивтік тақта арқылы мектеп оқушыларына «Менің Отаным - Қазақстан!» атты деректі фильм көрсетілді. Елдің біртұтастығы мен жердің аумақтық тұтастығын сақтауды түсіндіру барысында 18405 әскери бөлімі командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстары жөніндегі орынбасары подполковник Ғалымжан Жаншұраев,

Приозерск гарнизонындағы Қарулы Күштер ардагерлері ұжымының төрағасы Тілек Кенжебеков, мектеп директоры Жамиля Жунусова, тарих пәнінің мұғалімі Наурызбай Бейсекеев және алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Нұржан Алпысбай білім нәрімен сусындап жүрген мектеп оқушыларына өз білгендерін жеткізе білді. Ерлік сабағы барысында мектеп оқушылары да берген сұрақтарына орында жауап ала алды.

Осындай тағылымы мол тәрбие сағатынан дәріс алған мектеп оқушыларының келешекте өз елінің нағыз патриоттары болып жетілетіндіктеріне сенімдіміз!

Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы Думан Жұмашұлы

ТІЛГЕ ДЕГЕН ҚҰРМЕТ!

5 қыркүйек - Тілдер күніне орай, Қарағанды облысы Приозерск қаласының Орталық кітапханасында сарбаздарға арналған «Тіл - ұлттық қазына!» тақырыбында дәріс өткізілді.

Аталған іс-шараға «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің 06708 әскери бөлімінде Отан алдындағы борышын өтеп жүрген сарбаздар тартылды. Алқалы бас қосуға арнайы шақырылған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ардагері Кенжебеков Тілек

Алшымбекұлы Тәуелсіз Қазақстан елінде дәл аталып өтер Тілдер күнінде ұлт ұстазы, Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының да дүниеге келгенін еске салды. Іс-шараның жоғары деңгейінде өтуіне 06708 әскери бөлімі командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстары жөніндегі орынбасарының міндетін уақытша атқарушы майор Олжас Абенов белсенділік танытты.

Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы Думан Жұмашұлы

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №36/166, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады. Балаларға тыйым салынған.